



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ



www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 25 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №81 (23 257)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

• ҚҰРЫЛЫС

Он үй – «қара тізімде»

Қарағандыда сот шешімімен 10 тұрғын үй кешенінің құрылысы тоқтатылды. Себебі, құрылыс компаниялары рұқсат құжаттарынсыз жұмысқа кіріскен. Жоспардан тыс тексеруді Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы жүргізді.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жосықсыз құрылыс салушыларды арнайы мониторинг барысында Қарағанды қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі анықтады.

– 10 компанияға жоспардан тыс тексеру жүргізіп, тіркелген заң бұзушылық легі тұрасындағы мәліметтерді сотқа жолдадық. Олар Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 314 «Жобалық құжаттамасыз құрылыс», 321 «Авторлық-техникалық қадағалаусыз құрылыс жүргізу» және 463 «Мемлекеттік сәулет құрылыс бақылауының талон-хабарламасынсыз құрылыс жүргізу» баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Барлығына айыппұл салынды, – деді мемлекеттік құрылыс инспекторы Думан Қасымжанов.

Егер аталған ескертулер жойылмаса, нысан пайдалануға берілмейді, әрі компания қабылдау актісін алмайды.

Жосықсыз құрылыс салушылар тізіміне «Т-К Building» ЖШС («Al-Farabi» ТК), «ТТ INVEST-2022» ЖШС («Хан» ТК), «Satti Lux Stroy» ЖШС («Нұра» ТК), «Baiterek-2022» ЖШС («Аманат» ТК), «СМК Group» ЖШС («Baiterek» ТК), «Григорян Ш. Н.» ЖК (КТ), «TBL building» ЖШС («Tole Bi 2» КТ), «Revival Alliance» ЖШС (Ержанов көшесі, 63/2),

«ККК Бетон» ЖШС («Бакытты отбасы» ТК), «Optima-Stroy» ЖШС («Династия» ТК) компаниялары енген.

Экономикалық сотта қазір үш тұрғын үй кешенін «өз еркімен салу» деп тану туралы талап-арыздар бар. Бұл «Al-Farabi» ТК (құрылыс салушы «Т-К Building» ЖШС), «Хан» ТК (құрылыс салушы «ТТ-Инвест» ЖШС) және «Нұра» ТК (құрылыс салушы «Satti Lux Stroy» ЖШС) компанияларына қатысты.

Сондай-ақ, үлескерлердің қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін 15 компанияға 320-бап бойынша айыппұл салынды. Қазір мемлекеттік сәулет құрылыс бақылауы басқармасының қарауында осындай бұзушылықтар тіркелген тағы екі компания бар.

Тілшілер қауымын көп сұрақ аландатқанымен, мемлекеттік құрылыс инспекторлары ресми жауаппен шектелді. Түсінгеніміз, тапсырыс беруші құрылыс нысанын жобалаушы ұйымды жалдап, белгілі-белгісіз нысан сызбасын алады. Алады да, «үй салады». Құрылыс басталысымен жергілікті атқару органының келісімінсіз әлеуметтік желілерде жарнама жасап, үлескер қаржысының бір бөлігін қалтаға басады. Бірақ, әлгі сызба тиісті сараптамадан өтпеген болып шығады. Ақыр соңында тексеріп келгенде, әлгі жобалаушы ұйымдардың көлеңкесі де көрінбейді.

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Инфрақұрылым: мүдде мен меже

Бұрынырақта хабарлағанымыздай, өткен жұма күні Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев аймақта жұмыс сапарымен болды. Түске дейін бірқатар индустриялық нысандарды аралап, түстен кейін «Достық үйінде» тұрғындармен кездесті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Менің есімім – Марат, – деп таныстырды өзін кездесуде министр Марат Қарабаев тұрғындармен кездесуде. – Мұнда сіздердің мәселелеріңізді шешу үшін қанша уақыт керек болса, сонша отырамыз. Жеке кездесу өткізуге де дайынмын.

Әуелі Марат Кәрімжанұлы өзі басшылық жасайтын министрлік жұмысымен таныстырып өтті.

– Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің қызметі ауқымды. Министрлік өнеркәсіп өндірісін дамыту, жол және тұрғын үй құрылысы, инженерлік инфрақұрылым, көлік логистикасы, жер қойнауын игеру, көлік қатынасы сынды маңызды салаларға жауапты. Министрлікте Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс комитеті, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті, Көлік, Индустриялық даму, Азаматтық авиация, Геология, сондай-ақ Автомобиль жолдары комитеттері бар, – деген министр әр комитет төрағасын таныстырып шықты да, бірден сұрақ-жауапқа көшті.

Алғашқы сұрақ облыстық мәслихаттың депутаты, «Талбесік» көпбалалы аналар ұйымының төрағасы Лоззат Қожахметовадан түсті. Ол сұрақтар «Бакытты отбасы» бағдарламасындағы өзгерістерге қатысты.

– Былтырдан бері аталған



бағдарлама бойынша баспана бастапқы және қайталама нарықтан емес, облыс әкімдігі салатын әлеуметтік тұрғын үйден берілетін болды. Өңірде ондай үй салынып жатқан жоқ. Былтыр осы бағдарламамен өткен 175 адам әлі күтіп жүр. Ол үй салынып біткенше, 2-3 жыл өтеді. Үй жоқ болса, қайталама тұрғын үй нарығынан баспана алуға рұқсат етсеңіздер, – деді депутат.

Бұл ретте министр осы уақытқа дейін жалға берілетін тұр-

ғын үйлер жергілікті атқарушы органдардың есебінен салынып келгенін айтып, олардың бірде-бірінің сапасы сын көтермейтінін жеткізді. Сондықтан да

тып, ұсынысын қосуға хақылы. Онсыз ешбір құжат қабылданбайды. Сондықтан сіздің «Неге көпшілікпен ақылдаспай өзгерістер енгізесіздер?» деген со-

зіңіз шындыққа жанаспайды. Екіншіден, бүгінге дейін жалға берілетін тұрғын үйді әкімдіктер өз күшімен салып келді. Қазір республика бойынша осылай 50 мыңға жуық баспана салынды. Біреуінің де сапасы жақсы деп айтуға аузың бармайды. Сол себепті дайын үйді нарықтан сатып алуды шештік.

Бұл сіздерге жақсы. Бұрын бұл мақсатта берілетін 9 млн. 600 теңгені 14 млн. теңгеге дейін көтердік.

► 2-бет

• МӨЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Көмір бар, ерте қамдану қажет

Қарағандыда көмір тапшылығы жоқ. Сұранысты толық жабатын мүмкіндік баршылық. Оған қоса, бұдан былай «Шұбаркөл көмір» АҚ-ы жекеленіп сатып алушыларға көмір саудаламайды. Оған компания тарапынан тыйым салынды. Тек бір ғана оператор анықталған. Ол – «Көмір гарант» ЖШС. Енді «Шұбаркөлдін» көміріне жылдағыдай тәуліктен кезек күткен, жан-жақтан келетін алыпсатардың жолы кесілді. Компания басшылығының мәлімдеуінше, бұл көмірдің қаттығы мен ел ішіндегі жылда туындайтын дүрбелеңді жояды. Елдің есінде болса, былтыр «Шұбаркөл көміріне» кезек күткен жүк көлігінің саны 400-ге жуықтап, олар үш тәулік сол арада түнген еді.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтағы құзырлы орындардың хабарлауынша, Қарағанды облысына көмір 1 шахта 8 разрезден келеді. Облыста көмір саудалайтын 52 орын бар. Олардың орналасқан мекені туралы облыс әкімінің сайтынан білуге болады.

Жергілікті билік көмір жеткілікті екенін атап отыр. Дегенмен, күзде қапы қалмас үшін халыққа ертерек қамдануды да ұсынады.

– Қазақстан бойынша былтыр, 2022 жылы 113,9 млн тонна көмір өндірілді. Биыл алты айдағы көмір көлемі – 54,6 млн.тонна. Еліміз бойынша халық 9,3 млн.тонна көмір тұтынса, бүгінде 3,3 млн. тоннасы жеткізілді.

– Қарағанды облысындағы сұраныс – 1 млн.100 мың тонна. Көмірді негізгі жеткізуші – «Шұбаркөл көмір» АҚ, «Жалын» разрездері. Министрлік тарапынан жүйелі шаралар қабылданды. Республика көлемінде автокөлікпен көмір экспорттауға рұқсат жоқ. Қазіргі таңда көмірді тек экспортқа көмір өндірушілер ғана шығара алады. Бұл орайда Үкіметтің қаулысы әзірленуде. Ондағы мақсат – делдалдарды жою, – деді Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Индустриялық даму комитетінің төрағасы Азамат Панбаев.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Абзал Рахымбаев өңірлік операторларға тиісті ұсынымдар жолданғанын айтты. Онда көмір бағасы, қоры, жеткізілу мәселелері нақтыланған. Оның мәлімдеуінше, Қарағанды қаласы бойынша 20 оператор бар. Жергілікті «Рапид», «Exim Artis» ЖШС кен орындары да тікелей сатуды жоспарлаған.

Жоғарыда атап өткеніміздей, «Шұбаркөл көмір» АҚ бас директоры Сергей Ким кәсіпорын аумағынан көмірді өз бетінше алып кетуге тыйым салынғанын

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӨМІР САТУ ОРЫНДАРЫ			
Көмір сатушының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефоны	
ҚАРАҒАНДЫ  жедел желі 8 (7212) 42 15 05			
«Қрылов» ЖК	Қарағанды қ., учетный квартал. 16 құрылыс - Верещагин к-сі 1/1 - Олалаская 13	8 775 379 3111	
«Армкор» Орындалады ЖШС	Верещагин к-сі 1/1/1	8 701 717 23 21	
«Кайра Д.А.» ЖК	Новооссиенная к-сі 10	8 708 959 24 04	
«Лайда Export КЗ» ЖШС	Кокшан к-сі 3/2	8 701 534 48 77	
«Каз Тиз Көмір» ЖШС	Қарағанды қ., Мельничная 4	8 775 557 778	
«Лайкен КЗ» ЖШС	Новооссиенная 10	8 701 544 91 33	
«Вест СБ» ЖШС	Новооссиенная 10	8 708 959 24 04	
«Карпелеватор Групп» ЖШС	Бадри к-сі 15	8 705 101 81 89	
«Халык Көмір 18» ЖШС	учетный квартал 122, 16 құрылыс. Верещагин к-сі 1	8 701 777 41 09	
«Silk Way Petroleum» ЖШС	Аманжол Бейбітхан ауданы, Карпалас к-сі 19/2	8 777 830 83 73	
«Coal Trade (Коял трейд)» ЖШС	Механическая к-сі 16	8 701 512 04 70	
«Рендерсервис» ЖШС	Моторная к-сі 19	8 702 844 45 00	
«Көмір-2058» ЖШС	Учетный квартал 050, 52/1 учаске	8 705 278 02 02	
«KARBON TRADE» ЖШС	Карағанды қ., Ташкенская к-сі 16 құрылыс	8 702 408 13 14	
«SHUBARKOL KOMIR EXPORT» ЖШС	учетный квартал 020, 070 уч., Заводская к-сі 17	8 701 222 49 40	
«Имжакар» Г.И.» ЖК	учетный квартал №018, 20/1 құрылыс	8 701 300 71 79	
«KAZ STORY NEBRA» ЖШС	Карағанды қ., Кокшан к-сі 2/2	8 702 888 20 10	
«Лазикин» ЖК	Верещагин к-сі 1/1	8 705 161 88 21	
«Туран 777» ЖШС	Батыс өнеркәсіптік аймағы (Бұрынғы Ет комбинаты аумағы)	8 708 011 12 34	
«RiscoEnergyGroup» ЖШС	Восточный ст.	8 776 430 34 34	

ресми хабарлады. Мақсат, атап өткеніміздей, көмірдің ел арасында қатқа айналуын жою.

– 2023 жылы биржалық сауда-саттық қорытындысында коммуналдық-тұрмыстық көмірді көтерме сатып алушы ретінде «Көмір гарант» ЖШС анықталды. Компания төрт отын пунктін құру туралы шешім қабылдады: екеуі – Ұлытау облысында, біреуі – Қостанай облысында және біреуі Қарағанды облысының Осакаровка кентінде. Осы отын базаларына көмір жеткізу теміржол арқылы үздіксіз жүргізіледі. Сондай-ақ, халыққа көмір жеткізетін жақын маңдағы тоғыз пункт бар, – деді «Шұбаркөл Көмір» АҚ бас директоры Сергей Ким.

«Шұбаркөл Көмір» АҚ-ы 1 қантардан алып кету бекеттерінде бағаны 13 пайызға өсірген. Бұл баға кейінгі 5 жылда өспегенін айтады Сергей Ким. «Шұбаркөл» алаңында сұраныс күшейгенде былтыр 400-ге жуық көлік үш тәуліктен кезекте тұрғаны мәлім.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӨМІР САТУ ОРЫНДАРЫ			
Көмір сатушының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефоны	
БАЛҚАШ  жедел желі 8 (71036) 4 40 84			
«ІСК-Гарант» ЖШС («Калиев А.» ЖК)	Балқаш ст. 1	8 708 835 61 88	
«Аймағанбетова К.Н.» ЖК	Балқаш ст. Станционная строение к-сі 14	8 702 777 57 37	
«Натик» ЖК	Балқаш қаласы, мехлопная ораны, 37А жер учаскесі	8 701 609 28 62	
«Корпорация Казахмыс» ЖШС	«БМЗ» ЖШС өнеркәсіптік алаңы	8 710 346 16 00	
«Корпорация Казахмыс» ЖШС	«Корпорация Казахмыс» ЖШС Сақ кешінінің аумағы	8 747 398 63 48	
САРАН  жедел желі 8 (72137) 7 39 15			
«Жаңа Көмір» ЖШС	Ақтас кенті, учетный квартал 046, 022 учаске.	8 771 699 18 10	
«Rase horse» ЖШС	Ақтас кенті, учетный квартал 046, 022 учаске	8 701 293 67 15	
«УГОЛЬ» ЖК	Саран, учетный квартал 001, 145 жер учаскесі	8 775 126 01 02	

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӨМІР САТУ ОРЫНДАРЫ			
Көмір сатушының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефоны	
АҚТОҒАЙ АУДАНЫ			
	 жедел желі 8 (71037) 2 13 27		
«Кенев» ЖК	Ақтоғай ауылы, С.Фаражин к-сі	8 (71037) 3 04 79	
«Бахтияр» ШҚ	Ақтоғай ауылы, Жосала-1а к-сі	8 777 670 86 36	
«УЛТАУ» ЖШС	Сарыағалы кенті, Энергетик к-сі, №47 тұрғы.	8 701 718 45 44	
«Мусатай» ЖК	Сарыағалы кенті, Төңіржол к-сі №6	8 701 301 97 87	
НҰРА АУДАНЫ			
	 жедел желі 8 (72144) 2 26 31		
«Ермоленко» ЖК	Нұра кенті, Сүлейменов к-сі 56	8 (72144) 2 13 39	
«Дикан» ЖШС	Нұра кенті, Лушин к-сі 35	8 (72144) 2 15 54	
ОСАКАРОВ АУДАНЫ			
	 жедел желі 8 (72149) 4 30 30, 4 18 42		
«Капараш» ЖК	Осакаров кенті, Сельхознабавка к-сі 2а	8 (72149) 4 41 25	
«Дикан» ЖШС	Осакаров кенті, Сарыбулак к-сі 13/1	8 (72149) 5 19 75	

Осылайша тиімсіз делдалдар коммуналдық-тұрмыстық таскөмірдің басым бөлігін экспорттап, тапшылық туындауына себепші болған.

Разрездің маңайындағы 100 шақырымда орналасқан ауыл-аймақтың бөрі көмірмен қамтылады. Оларға бұрынғыша көмір алуына мүмкіндік қарастырылған.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӨМІР САТУ ОРЫНДАРЫ			
Көмір сатушының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефоны	
ТЕМІРТАУ	 жедел желі 8 (7213) 44 43 22		
«Сапаев Аркадий» ЖК	Республика даңғ., 173	8 708 411 22 90 8 708 411 23 37	
Бүзін Кирилл Алексеевич	Удба к-сі 210	8 708 390 03 02	
«СОAL MARKET» ЖШС	Абай к-сі 217	8 701 772 93 92	
ШАХТИНСК	 жедел желі 8 (72156) 5 43 42		
«КарпринсУголь» ЖШС	Учётный квартал 049, №1 құрылыс, КТУ аумағы, бұрынғы МОСКПО	8 702 960 25 55	
«ПСББ» ЖШС	Шахтинск к., Станционная к-сі 705	8 705 301 25 70	
«Транс Көмір КЗ» ЖШС	Учётный квартал 049, №1 құрылыс	8 707 923 24 81	
АБАЙ АУДАНЫ	 жедел желі 8 (72131) 4 48 00		
«НИК Каз Инвест Групп» ЖШС	Қарағанды облысы Абай ауданы Қарабас кенті Жанбыл к-сі 3-А өнеркәсіптік аймағы	8 701 723 12 40	

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША КӨМІР САТУ ОРЫНДАРЫ			
Көмір сатушының атауы	Орналасқан мекен-жайы	Телефоны	
ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫ  жедел желі 8 (72146) 3 13 66			
«Janeli 2023» ЖШС	Қарағайлы кенті, Учетный квартал 25, 750 жер учаскесі	8 701 307 33 69	
«Караганда Инвест 2012» ЖК	Қырғыз а/о, Бүркітті станциясы	8 701 524 48 95	
«Шаншес М.» ЖК	Қарқаралы к., 78 Коммунаров к-сі 135	8 702 381 17 78	
«Ахманов Б.» ЖК	Қарқаралы к., Таубеіров к-сі 116	8 701 521 42 19	
«Набишев Б.» ЖК	Қарқаралы, Таубеіров к-сі 147, құрылыс «Б»	8 701 555 67 24	
ШЕТ АУДАНЫ  жедел желі 8 (71031) 2 14 17			
«Джаниров Г.Х.» ЖК	С.Сейфуллин кенті	8 777 394 29 04	
«ДИҚА» ЖШС	С.Сейфуллин кенті	8 701 299 47 12	
«Акадерител» ЖШС	Ақадир кенті	8 705 751 94 12	
«Айлин-Е» ЖК	Ақадир кенті	8 777 107 77 98	
«Д САПА – 2015» ЖШС	Ақадир кенті, Қыдырбеков к-сі 24А	8 771 286 43 63	
«Бұранкулов К.К.» ЖК	Мойынты кенті, Иманов к-сі	8 708 593 46 45	
«Жану бер» ЖШС	Ақадир кенті	8 701 554 15 67	
«Мбраев» ЖК	Ақадир кенті, Қыдырбеков к-сі 24А	8 777 540 74 21	

Комитет төрағасы Азамат Панбаевтың айтуынша, былтыр Түрікстан, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарына автокөлікпен көмір тасымалданған. Ал, талдаулар ол көмірдің Жамбыл облысы арқылы Қырғызстанға, Түрікстан облысынан Өзбекстанға өтіп кеткенін көрсеті

Инфрақұрылым: мүдде мен меже

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үшіншіден, халықты сапалы басынамен қамтамасыз ету үшін тұрғын үй нарықтан алынады. Егер де «жоқ, тек қайталама нарықтан үй керек» десеңіздер, біз кей-бір өңірлерде жаңадан салынған тұрғын үйлердің тапшылығы байқалып жатқанын ескеріп, оған да рұқсат бердік. Ол үшін сіздер әкімдікке айтып, олар бізге сондай талаппен шығуы тиіс, – деді Марат Кәрімжанұлы.

Бұл сұраққа қосымша жауап берген Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Тимур Қарағойшин биыл облыста 346 пәтер жалға берілетінін жеткізді.

Бұдан басқа Ләззат Таймырқызы Балқаш-Алматы тасжолына қатысты сауал қойды. Оның айтуынша, жол салу кезінде Тораңғалық ауылына кірер жол айналма жол болып өзгерген. Бұл тұрғындарға қиындық тудырып тұр. Сол себепті де мәселені шешуді сұрады.

Оған жауап берген Автоомобиль жолдары комитетінің төрағасы Төлеген Абдуллин құрылыс басталмай-ақ жобасы көрсетілгенін, сол кезде ешкімнің қарсы пікір білдірмегенін айтты.

– Жол ауылға кіретін болады. Бұған жергілікті жоба жасалған. Бұл мәселеге қатысты жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмысын жүргіземіз, – деді Төлеген Абдуллин.

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Марат Түсіпов қала тұрғындары кәріз-тазарту жүйесін ретке келтіріп беруді өтінді. Оның айтуынша, әбден ескірген инженерлік инфрақұрылымның салдарынан апат болуы мүмкін. Өз кезегінде Марат Қарабаев кәріз-тазарту жүйесі жобаларына арналған қаражат қалай бөлінетінін түсіндірді. Министр бұл бағытта қаражат бөлу үшін әуелі жобалау-сметалық құжаттама дайын болуы қажеттігін айтты.

– Қазір Үкіметтің тарапынан жылумен жабдықтау мен кәріз-тазарту жүйелеріне байланысты жобаларға жеткілікті деңгейде қаражат бөлініп келеді. Тіпті, бюджеттік рәсімдер аяқталып қойса



да, қосымша ақша аудару жолдары қарастырылған. Мысалы, Ұлытау мен Абай облыстарындағы жобаларды осылай қолдадық. Осы мақсатта қажетті құжатты уақытылы тапсыруға қамдану керек. Қай жерде де болмасын солай. Сіздерден – құжат, бізден – қаражат. Сосын, оның орындалуын қадағалау. Жергілікті әкімдік, қоғамдық бақылаусыз қазір өте қиын. Жақсы мердігер кездессе, жақсы. Адал емес кездессе, қайтесіздер, – деді Марат Қарабаев.

– Кәріз-тазарту жүйелеріне ақша бөлініп тұр. Оған құжат тапсыру керек. Сіздер әлі тапсырған жоқсыздар. Жұмыс жобасын жыл соңына дейін тапсыру керек, – деді Тимур Қарағойшин.

Сонымен қатар, ол жылдың басынан бері прайс қағаздардың жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

– Бұрын қалай болды? Жекелеген құрылғылардың құны тапсырыс берушіге дейін бірнеше есе өсетін. Осы аралықта алты жеткізушіден өтетін. Қазір біз мұның барлығын алып тастадық. Өндірушінің бағасы немесе бірінші дистрибьютордың бағасы ғана қалды, болды. Бірінші дистрибьютор – бүкіл елге ортақ, – деп түсіндірді министр.

«ORTALYQ» жол-құрылыс, инжинирингтік ұйымдар одағының өкілі Гаухар Көпжасарова бізгегі кез келген құрылысты жергілікті жобалау институттарына беруін сұрады.

Саран индустриялық аймағына қатысты сауалға жауап берген

министр аталған өндіріс аймағының қарқыны жыл сайын еселеніп жатқанын айта келе, көршілес мемлекеттердің бизнес субъектілермен бірлескен кәсіпорындарды құру жұмысы жолға қойылғанын атап өтті.

Сонымен қатар Марат Қарабаев жергілікті азаматтарды жеке мәселелеріне байланысты қабылдады. Министрдің қабылдауына жазылған азаматтардың тарапынан «Қарағанды – Саран – Шахтинск» жол учаскесінің күрделі жөндеуі жөнінде, сондай-ақ, Сұрыптау елді мекенінде көпір салу мен аталған ауылдан Қарағанды және Майқұдыққа дейін қатынайтын қоғамдық көлікті ұйымдастыру мәселесі көтерілді. Өз кезегінде министр облыс бойынша қолға алынған жол-көлік инфрақұрылымы жобалары жөнінде жеткізіп, жолданған сауалдарды қолданыстағы заң арқылы шешудің амалдарын түсіндірді.

Тұрғындармен кездесуге дейін бірқатар нысанды аралап шықты. Алдымен ведомство басшысы Саран индустриялық аймағы мен KamaTyresKZ зауытына барды. Қазір онда бірқатар жоба қолға алынған. 2021-2023 жылдарға индустриалды аймаққа инженерлік инфрақұрылымын салуға бюджеттен 17,1 млрд. теңге бөлінді.

Саран қаласындағы шина шығаратын зауыт 3,5 млн. дана жеңіл және жүк көліктеріне арналған шина шығаруға қауқарлы. Технологиялық жабдықты сатып алу-сату жөнінде 126 келісімшарт

жасалды. Қазір келген жабдықты жеткізу, монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстары жүзеге асырылып жатыр. 2021 жылдың тамыз айынан бастап, Саран индустриялық аймағының аумағында ауданы 76,8 гектарға жететін жер учаскесінде құрылыс жұмыстары жүргізіліп келеді.

Бұдан кейін Марат Кәрімжанұлы Абай тігін фабрикасына барды. Кәсіпорын қызметкерлеріне арналған киімдердің, тоқыма бұйымдарының, төсек-орын жабдықтарының, балалар мен ересектерге арналған сыртқы киімдердің, мектеп формалары мен спорттық костюмдердің кең түрін ұсынады. 2021 жылы B2C сегментіне сәйкес киім тігу өндірісі іске қосылып, Abai тауар белгісі тіркелді. Қазір мұнда да әкімшілік-тұрмыстық кешен күрделі жөндеуден өтіп жатыр.

Жол инфрақұрылымының дамуы ерекше бақылауда екені белгілі. Сондықтан ведомство басшысы 17-38 шақырым аралығындағы «Абай-Қарабас-Жартас-Долинка» жол учаскесінің құрылысын көріп қайтты. Салынып жатқан жолдың ұзындығы – 21 шақырым. Мердігер «Прогресс KZ» ЖШС өкілдерінің айтуынша, бүгінгі таңда асфальт 7 шақырымға төселіп, 5 су өткізгіш құбыр ауыстырылды. Асфальтбетонның негізгі және төменгі қабатын орнату бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биылғы жол-құрылыс маусымының соңына дейін асфальтбетон жабынының төменгі және жоғарғы қабатының 15 шақырымын салып, төсеу жоспарланған. Қарағанды облысының автомобиль жолдарының ұзындығы шамамен 7 мың шақырым екенін айта кеткен орынды. Оның 89%-ының жай-күйі мәз емес.

Министр бұдан басқа «Шапағат» тұрғын үй кешені құрылысының барысымен танысты. Оның құрылысын жыл соңына дейін аяқтау жоспары тұр.

Суреттерді түсірген Жәнгелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Өндірістік аймақтың қуаты артады

Облыстағы ірі өндіріс орындарының бірі Саран индустриялық аймағында тұрмыстық техника зауытының құрылысы жалғасуда. Қазір алғашқы жабдық алынып, монтаждау да басталып кетті. Индустриялық аймаққа жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аталған өндіріс ошағының тыныс-тіршілігіне баса мән берді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі күні мұнда бес жоба жүзеге асырылып жатыр. Атап айтсақ, шина жасау, Artel тұрмыстық техникасы, ыстық мырыштау, болат түзу дәнекерленген электр дәнекерлеу құбырлары және мырышталған болат зауыттарының құрылысы. 2,3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылған алып аймақта жұмыс қызу жүруде.

тесі жүргізбек. Алғашқы 15 адам Ташкентте тағылымдамадан өтті. Өзбекстаннан Саранға жұмысшыларды осы жерде оқытатын мамандар да келді.

Сондай-ақ, жетіспейтін инфрақұрылымды индустриялық аймаққа және шина зауытына жеткізу жұмысы да жүріп жатыр. Модульдік ғимаратты монтаждау жүзеге асырылуда. Мұнда өндірісте қолданылатын техникалық суды тазартуға арналған технологиялық



«Silk Road Electronics» ЖШС директоры Талғат Әбдірахманов аймақ басшысын тұрмыстық техника зауытындағы жұмыс барысымен таныстырды.

– Құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жабдықтарды монтаждау жалғасып жатыр. Әзірге 15 пайыз жабдықты алдық. Айдың соңына дейін 30-40%-ын жеткізілуін күтіп отырмыз. Ал, айтарлықтай күрделі технологиялық жабдық жыл соңында келуі тиіс. Ол – дәнекерлеу, термопластикалық машиналары және тағы басқалар. Үлкен құрылысты тамыздың аяғы мен қыркүйектің басында бастауды жоспарлап отырмыз. Қызметкерлерді қабылдай беруге болады. Алдағы аптада шикізат пен материалдарды жеткізуге арналған шартқа қол қоямыз, – деді Талғат Әбдірахманов.

Толық қуаты – жылына 1,1 млн. өнім өндіруге кәсіпорынның барысымен танысты. Оның құрылысын жыл соңына дейін аяқтау жоспары тұр.

жабдықтар орналастырылады.

Бұдан бөлек, облыс әкімін су тазарту құрылғыларының құрылысымен таныстырды. Аймақ басшысы орталық жылу көзіне де ат басын тіреді. Мұнда бас нысанның құрылысы және бірінші қазандықты байланыстыру аяқталған. Қалған үш қазандық, циклондар мен сорғы жабдықтарын монтаждау жұмыстары жүріп жатыр.

Мердігер ұйым үйлерге жылу желілерін салып, жылу тораптарын орнатады. Қазір 310 жылу пунктінң 40-ы дайын. Жыл соңына дейін 121 үйді орталықтандырылған жылуға қосу жоспарлануда.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мердігерге жұмыс кестесінен қалыс қалмауды, ал, жергілікті билікке жылыту маусымына қолда бар қалалық қазандықтарды дайындауды, көмір сатып алуды бақылауды және барлық жерде пеш жағушылар болуы үшін жұмыскерлер жалдауды мұқият тапсырды.

Суретті түсірген, Жәнгелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БРИФИНГ

Заңда қандай өзгерістер бар?

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауларында сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажеттілігін айтқан болатын. Тиісінше, тиімді сот жүйесін құру бағытында тыңғылықты реформалар жүзеге асырылуда. Мәселен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнама жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, отбасы дауларында балалардың мүдделеріне қатысты заңдардың жекелеген ережелері нақтыланып, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыретіне азаматтық істердің кейбір санаттары енгізілген. Заңнамаға енгізілген осындай өзгерістерді өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстың кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Динара Мутубаева айтып берді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Аталған заңға сәйкес кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың (ювеналды сот) міндетіне жаңа санаттар енгізілген болатын. Азаматтық процестік кодекстің 27-бабы 3-бөлігіне кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу, жақын туыстарының олардан бөлек тұратын баламен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындау, заңның негізінсіз басқа адамдардың қолындағы баланы алып қою, ата-ана құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану, алименттердің мөлшерін өзгерту, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға алимент төлеуден, алименттер бойынша берешекті төлеуден босату, кәмелетке толмағандардың мұрагерлік құқықтарын қорғау туралы жаңа түзетулер енгізілді, – деді Динара Мутубаева.

Отбасылық дауды реттеудің ұтымды



шешімі – медиация екені айқын.

Заңға сәйкес, егер жақын туыстары ата-аналарымен, не олардың біреуімен келісімге келе алмаса, араласу тәртібін айқындау туралы дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық органына, ал, оның шешімімен келіспеген жағдайда осы органның, баланың ата-аналары

мен туыстарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді. Бұл «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулысының 4-тармағына сәйкес енгізілген түзету.

Қарағанды облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты төрағасының айтуынша, өңірде келіп түскен талап-өтініштердегі 99 іс бойынша тараптар татуласқан. Ал, биылғы жартыжылдықтағы бітімгершілікпен шешілген даулардың жалпы үлесі – 85%.

Ауданаралық сот төрағасы Динара Мутубаева ювеналды соттардың соттылығына жататын даулар туралы өзгерістерді атады. Мәселен, ювеналды сот некеге қатысты заң негізінсіз ғана емес, сот шешімі негізіндегі адамдардан баланы алып қою туралы дауларды да қарайды.

– Бұған дейін алимент мөлшерін азайту туралы дауларды ювеналды соттар қарайтын. Алайда, Кодекстің 139-

бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және басқа да назар аударатын жағдайларды ескеріп, соттың алимент мөлшерін көбейтуі де, кемітуі де көзделеді. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын даулар бойынша барлық азаматтық істер АПК-нің 27-бабының үшінші бөлігінде айқындалған, – деді Динара Маратқызы.

АПК-нің 30-бабының жетінші бөлігіне сәйкес республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жататын істер бойынша талап қоюларды қоспағанда, некені бұзу туралы талап қоюлар талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша онымен кәмелетке толмаған балалары бірге тұрған кезде берілуі мүмкін.

Аталған өзгерістер 2023 жылдың 1 қыркүйегінен қолданысқа енгізіледі.

Бұдан басқа, Кодекстің 22-бабының 1-тармағы бойынша ерлі-зайыптылар некесін сот тәртібімен бұзу кезінде кәмелетке толмаған балаларының кіммен тұратындығы, еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайын күтіп, бағуға қаражат төлеу тәртібі, ортақ мүлікті бөлу, ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәртібін айқындау туралы келісімді соттың қарауына ұсына алады. Сот шешімінде ерлі-зайыптылардың некені бұзғаннан кейінгі тектері көрсетіледі. 2-тармақ некені бұзуға байланысты дауларды қарау кезінде ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау тәртібін анықтау мәселесін шешу жөніндегі соттың міндетін көздейтін 5 тармақшамен толықтырылған. Бұл түзетулер 2023 жылғы 8 сәуірден қолда-

нысқа енгізілген.

– Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында апелляциялық сатының істі бірінші сатыға қайтармай, мәні бойынша шешім қабылдауын қамтамасыз етуді тапсырды. Егер бірінші сатыдағы сот іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс анықтамаса, онда апелляциялық сатыдағы сот істі бірінші сатыға қайтармай өзінің іс жүргізуіне қабылдауға және оны бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қарауы тиіс. Бұл созбалаңға салуды азайтады, судьялардың қателіктерін кемітеді, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтарын тез қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Түзетулер 2023 жылғы 1 шілдеден қолданысқа енгізіледі, – деді ол.

«Отбасылық сот» пилоттық жобасы бойынша даулардың дені бітімгерлік жолмен шешіледі. Психологтың балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған ұсыныстарын ескерген ата-аналар алдағы уақытта соттасудан бас тартады. Енгізілетін өзгерістерге сәйкес ювеналды соттардың соттылығының кеңеюіне байланысты медиатордың, отбасылық психолог, адвокат, әлеуметтанушы, нарколог, қорғаншылық және қамқоршылық органдары, дағдарыс орталығы өкілдерінің қызметтеріне сұраныс артатынын тілге тиек етті.

Сондай-ақ, Динара Мутубаева облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларына «Отбасылық сот» пилоттық жобасының тәжірибесін ескере отырып, олардың жұмысын ұйымдастыруды және осы кабинеттерді ювеналды соттарда ашу мәселесі туралы ұсыныс білдірді.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Өмірлік жолдама жәрмеңкесі

Қала әкімдігінің қолдауымен «Таир» сауда орталығында, жастарға арналған «бос жұмыс орындар» жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеде зангерлер, психологтар, қамқоршылық, жұмысқа орналастыру, білім беру, мәдениет және спорт, құқық қорғау органдарының мамандары, сондай-ақ, денсаулық сақтау саласының мамандары кеңес берді.



Шараның мақсаты жұмыссыз азаматтарды, жоғары оқу орындарын, колледж түлектерін және жастарды жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу болып табылады.

Бүгін бұл осымен өткізілген 14-ші жәрмеңкеміз. Бүгінгі таңда қаламызда 5 жоғары оқу орнының үш мыңдай түлегі бар, соларды жұмыспен қамту мәселелерін нақты мақсатқа қойып отырмыз. Сондықтан, біз 70 жұмыс беруші сала өкілдерін шақырдық. Оның ішінде, 25 мемлекет орган бар. Жәрмеңке – біздің жастарға үлкен мүмкіндік. Сондықтан, аталған шара әрі қарай да, жалғасын табады, – деді Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова. Бос орындар жәрмеңкесі компаниялар үшін де, жұмыс іздеушілер үшін де ақысыз негізде өткізілді.

Бүгін іс шараға қаламыздың көп ұйымдары қатысуда. Бірінші мақсат – жастарды жұмыспен қамтамасыз ету. Сондай-ақ, жастарға арналған көп бағдарламаларды қаржыланды-

ру. Қазір кәсіппен айналысып жатқан жастар көп, соларға агрокредиттік компаниямыз жеңілдікпен беретін несиелерді ұсынады. Мысалы, жылына 2,5 пайызбен, көлемі 5 миллионға дейін баратын несиеңі рәсімдей алады. Мұндай жәрмеңкелердің көп болғанын қалаймыз. Сондықтан, жастарды осындай жәрмеңкемізге шақырамыз, – деді Қарағанды қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Марат Берметов.

Жәрмеңкеде бос жұмыс орындарымен қатар жұмысқа орналасу және мемлекеттік қолдау шараларына қатысу бағытында көптеген консультациялар берілді. Бұл шараны жұмыссыздар мен жұмыс берушілер арасындағы алтын көпір деуге болады. Мұндай шаралардың жемісін көріп, жұмыс тауып, мамандық алған адамдар да жетерлік.

Бұл жәрмеңкеде облыстағы кәсіпорындар өздерінің бос жұмыс орындарын халыққа ұсынуда. Оның ішінде банк қызметкерлері де келіп отыр. 600-ге тарта бос жұмыс орындары ұсынылып отыр. Жәрмеңкені сауда үйінде өткізіп отырғанымыздың себебі, халықтың көп

шоғырланған жері. Қазіргі кезде жалпы облыс бойынша осындай жәрмеңкелерді мәдениет үйінде, арнайы жерлерде өткізгеннен гөрі, осындай халық көп шоғырланған жерде өткізгенді дұрыс деп шештік. Мемлекет тарапынан халыққа кәсіп ашуға, оқу орындарына грант бөлуге, арнайы қолдау шаралары жүргізіледі. Мысалы, айтып өтетін болсақ, биылдан бастап, жастарға арналған 2,5 пайыздық шағын кредиттер

беріледі. Жалпы облыс бойынша қаламыздың басқа да аудандарында осындай жәрмеңкелер өтіп жатыр. Енді мұндай жәрмеңкелер тұрақты түрде өткізілетін болады. Келесі аптада үлкен жәрмеңкені орталық саябақта өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Мұхтар Төлеу.

Жәрмеңкеде Қарағанды қаласының білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, қызмет көрсету, сауда салаларындағы ең сұранысқа ие кәсіптері бойынша 314 кәсіпорыннан 2500-ден астам бос жұмыс орын ұсынылды. Жұмысшы мамандықтары оның ішінде, машинистер, слесарлар, жүргізушілер, сияқты мамандықтар сұраныста. Олардың жалақысы 80.000-нан 450.000 теңгеге дейін.

Қарақат ҚҰРМАСHEBA, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің II курс студенті

ҚАРАҒАНДЫ

Иппотерапия – ерекше ем

Ерекше балалар «Қарат» жылқы зауытында ат мініп, серуен құрып, демалып та, ем алып та жүр. Иппотерапия емінің игілігін қазір 28 бала көріп отыр. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асқан жобаға бюджеттен 11 миллион теңге бөлінген. Жобаны «Бота» қоғамдық балалар қоры жүзеге асырып отыр. Қасиетті жылқы жануарынан қуат алып жүрген мұндағы балалардың бойынан аз уақыттың ішінде айтарлықтай серпіліс сезілетінін жеткізді мамандар.

Қасымхан ҒАЛЫМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұнда ерекше балалар аптасына 3 мәрте келіп, иппотерапия емін қабылдайды. Курс жарты сағатқа созылады. Білікті, сертификатты мамандардың нұсқауымен балалар ат үстінде түрлі қимыл-қозғалыс жасайды.

Иппотерапия емі балаға психологиялық және биомеханикалық тұрғыдан күшті әсер етеді. Атка міну, онымен серуендеудің жарымжан балаға жағымды әсері зор. Жылқы жүрісінің тербелісі арқылы баланың тірек-қозғалыс жүйесіне оң ықпал етеді. Мұны мамандар растайды. Ата-анасының немесе нұсқаушының көмегімен атпен серуендеу арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың аяқ-қол моторикасын дамытуға, ат үстінде тепе-теңдікті сақтау арқылы олардың қимыл-қозғалыс жүйесімен байқалады. Сабырлы үйлесімін түзетуге болады. Бізге келіп жүрген балалар алғашқыдағыдай емес. Қазір ширады. Бұл церебралды сал ауруын, аутизм, моторлық және сөйлеу әрекеттерін жақсартуда, сөйлеу белсенділігін арттырады, – дейді иппотерапия бойынша нұсқаушы Мөлдір Расулова.

Айтып кетелік, Мөлдірдің осы бағытта келе жатқанына 8 жылға

жуықтады. Тіпті, 9 айлық баланы да иппотерапия еміне арнайы әкеліпті. Мұны құтайды маман. Баланың белгілі бір жасқа толып, диагнозын күтіп отырғанына, алғашқы белгілерін байқасаңыз, бірден жылқы үстінде жаттығу жасату керектігіне кенес береді. Сонымен қатар, паралимпиадалық ат спорты дамытып жүрген жас маман ретінде аймаққа белгілі. «Қабілетті балаларды байқасақ, ат спортына баулып, нәтиже шығарамыз», – дейді Мөлдір Серікжанқызы.

Дәмилә Түсіпова екі баласын да иппотерапия сабағына апарды. 11 жастағы Айшабибі есімді қызынан церебралды сал ауруы, ал, 10 жастағы Керімнен туа біткен аутизм диагнозы анықталған.

Наурыз айынан бастап иппотерапиямен айналысамыз. Балаларым мазасыз болатын. Қазір оң нәтижелер байқалады. Сабырлы бола түсті. Қызымның түзу отыруы қиындық тудыратын. Міне, бес ай өтті, сабақтан қалмаймыз, соның нәтижесінде тепе-теңдікті, түзу отыруды үйренді. Ал, ұлым түнде мазасызданып, әрең ұйықтайтын. Қазір түнгі ұйқысы тынышталды. Осындай мүмкіндік сыйлаған жандарға ерекше алғыс айтамыз. Балалаларым «осында келеміз» десек, қатты қуанады.



Хабарландыру

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды ҚОДСБ «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК, мекен-жайы: Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19, пошта индексі: 101100, телефоны: 8 (71039) 5-22-18, 8-7474353333, e-mail: cb_prio@mail.ru.

Конкурсның барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары: «Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Білуге тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының

Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері: Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қыз-

былданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ, Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаларын негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасауды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қыз-

меткерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерін де медициналық этикалық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шаралар қабылдайды, заңдылық өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № КР-ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығын-

дағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № КР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш.
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян.
3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері.
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат.
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту



Денсаулық

Жылқыны жақсы көреді. Мұнда инваксияның көмегімен тегін қатынап тұрамыз. Бір күн бұрын тапсырыс береміз. Бұл да үлкен көмек, – дейді Дәмилә Түсіпова.

Сіз де балаңыздың иппотерапия емін қабылдағанын қаласаңыз, онда жолы оң-оңай.

Иппотерапия қызметін қажет етсеңіздер Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш, баланың туу туралы куәлігі, мүмкіндігі шектеулі екендігін айғақтайтын анықтама және балаға иппотерапиямен айналысу қажеттігі туралы дәрігерлердің сараптамасы қажет. Егер, өтініш көбейіп, балалар саны көбейсе, қосымша қаражат қарастырылады, – дейді Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің сектор меңгерушісі Гүлжан Шаймарданова.

«Қарат» жылқы зауытында иппотерапия емін жүргізетін сертификаты бар төрт жаттықтырушы қызмет көрсетеді. Бір балаға үш маман. Онымен қоса, иппотерапия үшін жуас арнайы үш жылқы тандалып алынған.

Ат үстінде отырған адамның барлық бұлшық еті қозғалыста болады. Тепе-теңдікті сақтау үшін салт мінген адам бойын жинауға, өзінің әрбір дене қимылын игеруге жаттығады. Ал, ерекше балаларға ең керегі де осы – жаттығу. Бір сөзбен айтқанда, жылқы – табиғи тренажер.

туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны.

6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотталығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесі адамдар қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жастан кіші;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар адам;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы әкімдігі Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының ҚОДСБ «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК-на мына мекен жай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19, пошта индексі: 101100, телефоны: 8 (71039) 5-22-18, 8-7474353333, e-mail: cb_prio@mail.ru., № 310 кабинет.

Бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.



• ӨНЕР

Саябақтағы сазды кеш

Қарағандының орталық саябағында «Қарағанды келбеті» деген суретшілер көрмесі мен «Jastar fest» жас әнші-ақындардың кездесуі өтті. Шараны Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалы қалалық әкімдіктің қолдауымен өткізді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге Бұқар жырау, Қарқабат ана ескерткіштерінің авторы, Суретшілер одағының мүшесі Бейбіт Мұстафин бастаған қылқалам шеберлерінің туындылары қойылды. Қала келбетінен бөлек, тарихи тұлғалардың да портреттері бар. Бірінің стилі біріне ұқсамайды. Майлы кенептен бастап, қарапайым қарандашпен салынған суреттер бар. Жанабек Жұмабеков, Марьяна Макеева, Жәмила Оспанова, Шамшырақ Серік деген дарынды суретшілер тамашалауға келген көрермендердің портретін салды. Еркін Темірғалиев саябаққа көшпелі шеберханасымен келіп, қыштан құмыра жасады. Ұлы бабаларға ескерткіш жасаған дарын иесі Бейбіт Мұстафиннің сөзінше, мұндай



көрмелер жиі өтуі керек. Өйткені, музейге елдің бәрі бара бермейді.
— Бұндай шаралар халық мәдениетін өсіруге аса қажет. Адам суреттен эстетикалық ләззат алады. Ал, өнерді түсініп, бағалайтындардың жүрегі — әрқашан ояу, — дейді Бейбіт Мұстафин.
Көрмеден бөлек «Jastar fest» аясында сахнада жас ақындар өлең оқып, әншілер ән шырқады.

— Бұл шараны тамашалауға келгендердің қарасы қалың. Осыған қарап, қарағандылықтардың өнерге деген сүйіспеншілігін аңдауға болады. Көрерменнің талғамы биік. Суретшілер қылқаламмен, ақындар сөзбен, әншілер әуенмен сурет салады. Сол өнер өкілдерінің басын қосу — жақсы идея, — дейді жас акын Магжан Асқар.

Әншілер көңілді ән шырқап, көрерменді сергітті. Заманауи туындылардан бастап, талғамы биік тыңдарманның көңілінен орын алған классикалық әуендер де орындалды.

Айта кетейік, мұндай форматтағы шара Қарағандыда бірінші рет ұйымдастырылып отырған жоқ. Осыған дейін де ақындар мен әншілер орталық саябақтың



сахнасында әдеби-сазды кештер өткізген. Мұның бәрі — Қазақстан Жазушылар одағы мен қала әкімдігінің бірлесе жүзеге асырған жобалары.

ҚАРАҒАНДЫ
Суреттерді түсірген автор

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

«Есенғали» — «DOSTYQ CUP» чемпионы

Қарағандыда футболға құштар өнерпаз көп. Олар үш жыл бұрын бас қосып, шағын футболдан лига құрған еді. Лигаға «Dostyq cup» деген атау берілді. Ақын, әнші, актер, асабалар алаңда ала доппен өзара тартысқа түсті. Қатарда журналистер қауымы да бар. Әуелде лига 4 командамен басталған. Доданың даңқы ауыздан ауызға тарап, менмін дегендер өздері ниет танытты. Сөйтіп, биылғы жазғы маусымға 6 құрама қатысты. Кесте үлкейді. Лиганың басты мақсаты — кеншілер шаһарындағы өнерпаздардың ауызбірлігін, достығын нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында кәсіби түрде ұйымдастырылған әуесқойларға арналған шағын футболдан лига бар. Бірақ, бұл лиганың оған қатысы жоқ. Бір өзі жеке дара. Шарты бойынша командалар сапына кәсіби футболшылар алынбайды. Кілең өнерпаз. Өнерге қатысыңыз жоқ па, қабылданбайсыз. Өз араларында сайланған төрешілері бар. Шағын футболдың әлемдік стандарттағы ережелеріне бағынады. Жалпы айтқанда, «Dostyq cup» дегеніміз — жәй ғана жарыс емес, бірнеше жыл бойы қалыптасқан үлкен орта. Додаға 6 команда қатысты. Атап айт-

сақ, «Қайраттың» капитаны ақын — Қайрат Иманбек. Ал, «Есенғали» құрамасының тізгіні ақын, әріптесіміз Жәлел Шалқарда. Облыстық «Saryaqqa» телеарнасының редакторы, спорт комментаторы Ботабек Тілегенов — «Арланның» капитаны. «Дарабозда» кәсіпкер, өнер жанашыры Ринат Түсенов. Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі атынан қатысқан «Филормония» командасының капитаны — күйші Арман Марат. Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының дыбыс режиссері Қуаныш Болатов «Театр» ұжымында жол бастады. Лиганың жазғы маусымы екі айға созылды. Топтық кезең екі айналыммен өтті. Ойындар нәтижесі бойынша 6 ко-

• ЖӘДІГЕРЛЕР СӨЙЛЕЙДІ

Баташев самаурыны

Осакаров ауданының тарихи-өлкетану мұражайында Баташевтардың қолтаңбасы бар жәдігер бар. Ол — Тула қаласынан шыққан сары самаурын. Тула шеберлерінің қолынан шыққан, сыны мен сыры сақталған бұйымды мұражайға жергілікті тұрғындардың бірі тапсырған.

Мыстан жасалған самаурын сыйымдылығы — 2,5 литр. Оның сыртында Емельян Антипович Баташевич мұрагері бу самаурын фабрикасы және Ресей империясының көрмелері мен жәрмеңкелерінде және батыс — Англия, Германия, Франция, Австро-Венгр империясы, Испания және Италия елдерінде 1903, 1904, 1907, 1909, 1911 жылдардағы сапа белгісі бейнеленген 9 кішкентай және 2 үлкен медальдің кескіндері бар.

Сирек самаурын 1912-1913 жылдары жасалған Тула самаурыны үлгісінің таңға-

жайып данасы болып табылады. Самаурын — қазақ дүниетанымында ерекше мәнге ие. Сондықтан да, самаурында қайнаған шәйдің дәмі бөлек. Оның үстіне самаурын көшіп-қонғанда алып жүруге ыңғайлы болғандықтан, қазақтың тұрмысындағы ең қажетті тұрмыстық бұйым.

Жазира ШОЙЫМБАЕВА,
тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушы

Осакаров ауданы



• БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Жаз қызығы — мазмұнды демалыс

Балалардың демалыс маусымын ойдағыдай өтуіне Қарқаралы қаласының балалар өнер мектебінің педагогтері белсенді түрде атсалысуда. Арнайы бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес, түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырды.

Балалар өнер мектебінің Нұркен, Көктас, Токтар Әубәкіров, Аппаз, Қарағайлы, Қасым Аманжолов, Бүркітті, Балқантау, Егіндібұлақ ауылдарындағы бөлімшелерінде де балалардың жазғы маусымдағы демалыс күндерін қызықты өткізуіне, ой-өрістерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру және ұжымда белсенді болуға тәрбиелейтін шаралар өтті.

«Бар игілік — балаларға», «Біз — бақытты баламыз» атты мерекелік концерттері катысып, көрермендер көшметіне бөленді. Орталық саябақтан бастау алған мерекелік іс-шара барлық ауылдық жерлерде жалғасты.

Қарағанды қаласында «Ұлттық домбыра күні» аясында ұйымдастырылған флешмобта мектеп ұстаздары мен оқушылары өнер көрсетті.



Сонымен қатар, балалар тарихи ескерткіштерге, тарихи-өлкетану және табиғат мұражайына барып, табиғат аясында серуендеп, әртүрлі спорттық ойындар, музыкалық сайыстарға қатысты.

Туған жердің әсем табиғаты мен дүниетанымына терең бойлаған оқушылар рухани азық алды десе де болады. Әсіресе, бір сәт болса да әлеуметтік желі-

ден қол үзіп, кітап оқып, бос уақыттарында рухани кемелдене түсті. Бұл — ұстаздардың оқушылар алдындағы жауапкершілігі. **Рымкүл АХМЕТЖАНОВА,** өнер мектебінің директоры

• ФУТБОЛ

Әлем чемпионаты Қазақстанда өте ме?

Биылғы маусымды «Жетісу» бас бапкері ретінде бастаған тәжірибелі маман Алмас Құлшынбаев 2034 жылы Қазақстан мен Өзбекстанда футболдан әлем чемпионатын өткізу мүмкіндігіне қатысты пікір білдірді.

— Бұл — өте жақсы бастама. Меніңше, бұған Қазақстан мен Өзбекстанның ресурстары жеткілікті. Бірақ, мұқият дайындықты қажет етеді. Стадиондар қажет. Инфрақұрылым бойынша ешқандай проблема болмауы мүмкін. Алайда, стадиондар әлем чемпионаты өткен соң да пайдалы болуы керек, — деді ол.

Қазақстан мен Өзбекстан 2034 жылғы футболдан әлем чемпионатын бірлесіп өткізуге өтінім бере алады деген мәлімдемені Қазақстан футбол федерациясының басшысы Әділет Барменқұлов жасағанын айта кеткен жөн.

«Шахтер» шеберлігін көрсетті

Қарағандыда «Шахтер» мен «Каспий» командалары арасында футболдан Қазақстан Olimpbet-чемпионаты 16-турының кезекті ойыны өтті.



Кездесу өте тартысты өтті. Шахтерліктер ойын басталғаннан-ақ, алаң иелері екенін аңғартып шабуылдай бастады. Әлсін-әлсін қарсыластар қақпасын нысанаға алып, соққы бағыштап, мығым дайындығын көрсетті.

Маңызды ойынның 4-минутында тынымсыз соққылардың бірі «Каспий» командасының қақпасына топ етті. Гол иесі — Айдос Тәттібаев.

Айдостың жалғыз голының арқасында алаң иелері 1:0 есебімен жеңіске жетті. Ойын біткенше табло тапжылмады. Осылайша, жерлестеріміз кезекті 3 ұпайын еншіледі.

• ҰЛТТЫҚ ЖЕКПЕ-ЖЕК

12 алтын, 5 күміс, 9 қола

Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің 2023 жылғы жоспарына сай Теміртауда 18-23 жас аралығындағы жастардың ұлттық жекпе-жектен Қазақстан чемпионаты мәреге жетті.

Аталған чемпионатқа еліміздегі 10 облыс пен 3 ірі қаланың 185 спортшысы қатысып, бақ сынаған.

— Қарағанды облысы спортшылары бұл жарыстан 12 алтын, 5 күміс, 9 қола медаль еншіліп, кенді өлкенің мерейін тасытты. Осылайша, жалпыкомандалық есепте Қарағанды облысының спортшылары I орынды, Шымкент қаласының жастары II орынды, Түркістан облысының қатысушылары III орынды жеңіп алды, — дейді облыстық жекпе-жек федерациясының басшысы Әділет Нұрмадиев.

Дайындаған **Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Aqparat» ЖШС

Директор — **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары —
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы —
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары —
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор —
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары м.а. —
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы —
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы —
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 463
№81 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат УЛИШ**